

«К.Төгісов атындағы орта мектебі» КММ жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 23.10.2020 жыл

Өткен орыны: ZOOM платформасы

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 3

Кеңеске шақырылғандар: ТДЖО М.Сакиева

Күн тәртібінде:

«К.Төгісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын қарау.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Ш.Серкенова: Бүгінгі отырыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселе: «К.Төгісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын қарау. «К.Төгісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының бос лауазымына жарияланған конкурсқа сай, аудандық білім беру бөлімі жанынан құрылған конкурстық комиссия, үміткер Кишанова Бота Сыдыковнаның құжаттарын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 57 Бұйрығын мектептің қамқоршылық кеңесіне жолдап отыр. Қамқоршылық кеңес отырысы шақырылып, күн тәртібінде аталған үміткердің білім беру мекемесін дамытудағы перспективалық жоспары таныстырылып, талданып аталған үміткердің осы конкурстың алдағы кезеңдеріне қатысуына кеңес мүшелерінің келісім беруі қарастырылмақ. Сондықтан, осы отырыста Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің № 355 бұйрығында көрсетілген қамқоршылық кеңес жұмысының қағидастарын басшылыққа ала отырып, кеңес мүшелері ауылымыздағы білім беру мекемесінің дамуына келелі өзгерістер әкелетіндей жоспарын зерделеп, өз ұсыныстарымызды айтайық.

Мектеп директорына үміткер Кишанова Бота Сыдыковна: Мектепті дамыту жоспарын құру барысында ҚР 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтарын ескердім. Қазіргі уақытта ДОІЖО міндетін атқарып жүргендіктен мектебіміздегі жағдайды зерттей келе мектептің дамуына кері әсер ететін қиындықтар бар екенін анықтадым. «Оқушы үніне», ата-аналар пікіріне жеткілікті деңгейде назар аударылмауы, мұғалімдердің тәжірибелеріне талдау жүргізуге жеткілікті уақыт бөлмеулері, бірлесе жоспарлау, талдау, бағалау дағдыларының төмен деңгейде болуы. Осы әлсіз жақтардан туындайтын қауіп: мектептің дамуына, педагогтардың кәсіби өсуіне және оқушының сапалы білімі мен тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Осы қиындықтарды жою мақсатында зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып «Іс-әрекетті зерттеу: тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы» әдістемелік тақырыбы таңдалды. Өздеріңіз көріп отырғандай әрбір тақырыпқа мақсат қойылған, әрбір мақсатқа сай іс-әрекет

жоспарланған және оң нәтижеге бағытталған табыс критерийлері қойылған. Егер жоспар қойылған мақсатқа жетіп, табыс критерийлері оң нәтиже берсе, жаһандық бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, тәрбиелі, білімді тұлғаны қалыптастырып шығарамыз деп ойлаймын.

Жарыс сөз:

А.Куанышбаева: Үміткердің жоспарымен таныстым. Жоспарға көңілім толады. Менің сізге қоятын сұрағым: «Мектептің ғимаратының салынғанына 48 жыл болды, мектебіміз өте ескі. Мектептің материалдық-техникалық базасын қалай жақсартасыз?»

Б.Кишанова: Мектептің материалдық -техникалық базасын жақсарту мемлекеттік бюджет қаражатымен қамтамасыз етіледі. Біздің міндетіміз мектеп қажеттіліктеріне сұраныс беру. «50 жылда- ел жаңа» дегендей мектепті толық күрделі жөндеуден өткізу қажет. Қазіргі уақытта директордың уақытша міндетін атқара отырып мектептің электр жүйесін, еден, есік, ыстық су құбырларын, сантехникалық құрал-жабдықтарды толық жаңалау, төбені шатырлауға жұмсалатын қаражат есептелініп, сұраныс берілді. Сондай-ақ, екі кабинетті жабдықтауға, мектепті толық безендендіруге және мектепке қажеттінің барлығының есебі жылдық бюджетке енгізілді.

А. Шыңғысбекқызы: Үміткердің мектепті дамыту жоспарымен таныстым. Сондағы коллаборативті, тьютолық терминдері түсініксіз болып тұр. Мағынасын түсіндіріп айтсаңыз.

Б.Кишанова: жаһандық бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мақсатында әлемнің үздік тәжірибелерін өзіміздің тәжірибеге енгіздік. Сондықтан да сөздік қорымызға әр елдің терминдері қосылып жатыр. Коллаборативті термині тиімді қарым-қатынас, тьютолық –табысты деген мағынаны білдіреді.

Ж Токтагулова: ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының білім беру саласын дамыту, басқару, мониторинг жүргізу басымдылықтары толық қамтылған. Жоспар жақсы жасалған.

Н.Касенова: Мектепті дамыту жоспарында негізгі төрт санат белгіленген:

- 1) Оқу мен оқытуға жетекшілік ету.
- 2) Өзінің дамуы және басқаларды дамытуы.
- 3) Жетілдіру, инновациялар мен өзгерістерді енгізуге жетекшілік ету.
- 4) Жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту.

Осы бөлімдер бойынша мақсаты, оны іске асыру іс-әрекеті, табыс критерийлері жақсы қойылған. Мектепті дамыту жоспары жақсы жасалған деп бағалаймын.

Е.Бақытқанов: Жоспар нәтижеге бағытталып, жан-жақты сараланып жасалған. Алдағы уақытта үміткер директордың лауазымдық орынына тағайындалған жағдайда, осы жоспарды іске асырады деп сенім білдіремін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Ш.Серкенова: Кеңес мүшелерін тыңдай келе, төмендегідей шешім қабылдансын деген кеңес мүшелерінің дауыс беруін сұраймын.

Шешім:

19 қазан 2020 жылы жолданған аудандық білім беру бөлімі жанынан құрылған конкурстық комиссияның қатынасы негізінде «К.Төгісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы қамқоршылық кеңесі 23 қазан 2020 жылы № 2 отырысында, «К.Төгісов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының бос лауазымдық орынына конкурсқа түскен үміткер Кишанова Бота Сыдыковнаның даму жоспары жақсы


деп бағалансын. Үміткердің конкурстың алдағы кезеңдеріне қатысуына келісім берілсін.

Шешімге қарсы, қалыс қалғандар жоқ. Осы шешім бір ауыздан қабылдансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы

Кеңес мүшелері



Ш.Серкенова

Д.Мусабаева

Е.Бақытқанов

Н.Касенова

Ж.Токтагулова

А.Шыңғысбекқызы

А.Куанышбаева